

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

Булгынбек А.

«Газет өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының
технологиялық бөлімін жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия мамандығы


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
КТ каф. меңгерушісі
техн.ғыл.д-ры, профессор
 Машеков С.А.
« 21 » 05 2019 ж.


Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Газет өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Булгынбек А.

Ғылыми жетекші
ф.м.ғ. кандидаты, КТ каф.
қауым. профессор
 Байтимбетова Б.А.
« 20 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

2019/5/21 13:53

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Көлік техника кафедрасы

5B072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

КТ каф. меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 - С.А. Мәпәтөв

« 21 » 11 2018 ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Бұлғынбек Ахжархын

Тақырыбы : «Газет өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен
бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «22» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: басылымның форматы мен

бөлішегі: А2, көлемі(ф.б.т.): 8, 8, 12, 16, 12; Тараптары, мың дана: 50, 50, 50, 50, 50;

Атау саны, 15, 20, 6, 10, 14; Мерзімділігі: 52, 52, 52, 24, 24; Бопырлығы: 4+4, 1+1, 2+2;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Басуға дейінгі процесі технологиясының басу әдісін таңдау

в) Өмір тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары

г) Жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуді тиіс):

Сызба материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, техника-экономикалық көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 14 атаудан тұрады.

2019/5/21 13:53

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01.19 – 01.03.19	
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі	01.03.19 – 20.03.19	
Экономикалық бөлім	26.03.19 – 30.04.19	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен ереже бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	Б.А. Байтимбетова Физмат. ғыл. канд., асоң. профессор	20.05.19	
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева лектор, КТ кафедрасы	30.05.19	

Ғылыми жетекшісі Байтимбетова В.А.

Тапсырманы орындауға білім алушы Булғынбек А.

Күні 15 маусым 2018 ж.

АҢДАТПА

Берілген жоба офсеттік басу әдісімен газеттік өнім шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалауға арналған. Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- еңбекті қорғау;
- экономикалық бөлім;

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі кезеңінің технологиялық процесі толығымен қарастырылған. Кестелерде жылдық өндірістің жүктемесі, қажетті жабдықтар, материалдар саны және өндірістегі жұмысшылар саны, электр энергиясын есептеу, материал шығындары есептеулері көрсетілген.

Еңбекті қорғау бөлімінде жұмысшылардың еңбек жағдайының қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, және желдету және жылыту мәселелері қарастырылды.

Экономикалық бөлімінде басуға дейінгі цехтың тиімділігін және өз құнын шығару есептеулері көрсетілген.

Дипломдық жобаның сызбалық бөлімі келесі сызбалардан тұрады:

- газет өнімін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық сұлбасы;
- басуға дейінгі цехтың жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштер.

Түсіндірмелік жазба беттен және сызбалық бөлім 5 беттен тұрады.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект посвящен разработке технологической части типографии допечатного цеха по выпуску газетной продукции офсетным способом печати.

Дипломный проект содержит следующие разделы:

- технологическая часть;
- охрана труда;
- экономическая часть;

В технологической части рассматриваются технологический процесс допечатного цеха. Приведены таблицы расчетов годовой загрузки производства, расчет необходимого количества оборудования, материалов и производственных рабочих.

В разделе «Охрана труда» рассмотрены проблемы безопасности условий труда рабочего персонала, пожаробезопасность, вентиляция и отопление допечатного цеха.

В разделе «Экономическая часть» приведены расчеты стоимости и экономической эффективности допечатного цеха по выпуску газетной продукции.

Графическая часть дипломного проекта представлена чертежами:

- технологическая схема изготовления газетной продукции в допечатном цехе;
- план оборудования допечатного цеха;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации;
- технико-экономические показатели.

Пояснительная записка состоит из _____ страниц, в графической части 5 листов.

THE SUMMARY

The graduation project is devoted to the development of the technological part of the printing house of the prepress shop for the production of newspaper products using the offset printing method.

The diploma project contains the following sections:

- technological part;
- occupational safety and health;
- the economic part;

The technological part deals with the technological process of the prepress shop. The tables of calculations of the annual production load, the calculation of the necessary amount of equipment, materials and production workers are given

In the section "Labor Protection", the safety of working conditions of working personnel, fire safety, ventilation and heating of the prepress shop are considered.

In the section "Economic part" there are calculations of the cost and economic efficiency of the prepress shop for the production of newspaper products.

The graphic part of the graduation project is represented by the drawings:

- technological scheme for the production of newspaper products in the prepress shop;
- plan of the equipment of the prepress shop;
- traffic flow diagram;
- evacuation plan;
- technical and economic indicators.

Explanatory note consists of pages, in the graphic part of 5 sheets.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
1 Технологиялық бөлім	9
1.1 Басу процесінің технологиясының басу әдісін таңдау	10
1.2 Жобаланған басылымның техникалық сипаттамасы	11
1.3 Басылымды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық процесінің жалпы сұлбасы	12
1.4 Технологиялық процесті талдау және орнықтыру	14
1.5 Басуға дейінгі процесте қолданылатын негізгі жабдықтар	16
1.6 Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру	20
1.7 Басуға дейінгі цехта қолданылатын материалдар	23
1.8 Технологиялық есептеулер	26
2 Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	32
3 Экономикалық бөлім	35
Қорытынды	46
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	47

КІРІСПЕ

Полиграфия – ең ірі және қарқынды түрде дамып келе жатқан салалардың бірі. Қазіргі кезде өзінің полиграфиялық кәсібі болмайтын ел жоқ. Қазіргі кездегі тапсырыс берушінің баспахана кәсіпорын таңдаудағы басты критериясы ретінде жылдамдық, өнімнің жоғары сапасы және жалғандықтан қорғау болып саналады. Өнеркәсіпте жылдамдықты жоғарлату үшін жоғарғы технологиялы жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асады.

Өндіріс – бұл дайын өнім алуға арналған техникалық-ұйымдастыру бөлім деп қарастыруға болады. Олай болса, ол әртүрлі өнеркәсіптік бөлімдерден тұрады.

Полиграфиялық өндірістегі процестер негізгі 3 кезеңнен тұрады, олар: басуға дейінгі, басу процесі, басудан кейінгі процестер.

Дипломдық жоба полиграфиялық басылым өнімнің бірі газет өніміне арналады. Газеттер (ұсақ венечия монетасы – gazzetta дегеннен) – ағымдағы оқиғалар туралы маңызды материалдар, қоғамдық-саяси, өндірістік, экономикалық және басқа да мәселелер жөнінде жедел ақпараттар жариялайтын ресми мерзімді басылымдар.

Дипломдық жобаның мақсаты: газет өнімдерін шығаратын баспаханың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімін жобалау. Басылымды тиімді басу әдісімен басып шығару болып табылады.

Баспаханада алдымен техникалық сипаттама жасалынып, одан кейін орындалатын процестерге талдау орын алады. Қолданылатын жабдықтар таңдалып, олардың саны, кететін материалдардың шығыны анықталды.

Полиграфиялық өнімді дайындық кезінде ең басты және негізгі процесс – басу процесі. Басу процесінің негізгі міндеті, басу формасындағы бейнені, мүмкіндігінше анық беру. Бұл басылымды басу үшін офсеттік басылымды таңдалды. Дипломдық жоба офсеттік басу әдісімен газет өнімін басып шығару технологиясы негізінде жазылады.

Басу әдісін таңдау кезінде өнімнің түріне көңіл аудару өнімді дайындау мінездемесін элементтерінің бояулығына, тиражға, өнімді шығару уақытына, талаптарға сай сапасын естен шығармау керек.

Соңғы жылдары офсеттік басылым әдісі қарқынды түрде дамығаны байқалып жатыр. Офсеттік басылым келешегі бар және негізгі басылымдардың бірі болып саналады. Офсеттік басылыммен бір және көпбояулы өнімдерді басуға болады.

Дипломдық жобаның соңғы еңбекті қорғау бөлімінде бүкіл өндірісті жақсарту жөніндегі мәселелер қарастырылған, полиграфиялық өнімдер шығару кезіндегі еңбек қиындығын төмендету, қолмен істелетін және физикалық ауыр операциялардың санын азайту қарастырылады. Экономикалық бөлімде толығымен өзіндік құн, таза пайда, еңбек өнімділігі, негізгі қор және жабдық тиімділігі, олардың техника-экономикалық көрсеткіштері ескеріліп, баспаханың жобалануы бағаланады.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басу процесінің технологиясының басу әдісін таңдау

Басу әдісін таңдау кезінде өнімнің түріне көңіл аудару өнімді дайындау мінездемесін элементтерінің бояулығына, тиражға, өнімді шығару уақытына, талаптарға сай сапасын естен шығармау керек.

Соңғы жылдары офсеттік басылым әдісі қарқынды түрде дамығаны байқалып жатыр. Офсеттік басылым келешегі бар және негізгі басылымдардың бірі болып саналады. Офсеттік басылыммен бір және көпбояулы өнімдерді басуға болады.

Офсеттік басу әдісі перспективалы және тез күшейетін әдіс болып табылады. Ол түрлі бір бояулы және көпбояулы басу өнімдерін шығару үшін пайдаланады.

Офсеттік басу әдісі бейненің сызықты элементтері жоғары дәлдікте берілуін қамтамасыз етеді. Аз тираждың болғаны форма дайындау уақытына және бір тираждан екінші тиражға өту уақытына көңіл қоюға мәжбүр етеді. Басу формасы дайындау бағасы, басқа басу әдістеріне қарағанда төмендеу, жұмыс жылдамдығы да жоғарырақ, басу машинасын жұмысқа дайындауға кететін уақыты аз, қатырмада басу мүмкіндігі бар. Осының барлығы басылымның өзіндік құнын төмендетеді.

Офсеттік формаларда әртүрлі форматты дайындауға болады. Форманың қалыңдығы 0,15-0,8 мм, өлшемі басу машиналарының түріне байланысты. Форманың таралымға төзімділігі даярлау әдісіне байланысты және қолданылатын формалық материалдарына байланысты бірнеше мыңнан одан да көп данаға дейін жетеді.

Қазіргі уақытта офсеттік басу әдісін пайдаланатын өндірістің технологиясы мен техникасы бұл талаптарды толығымен қанағаттандырады деуге болады.

Басу әдісін таңдау кезінде қалыптасқан дәстүрді ұстамау керек, ал әрбір жеке жағдайда тапсырыс берушіге ең тиімді және үнемді шешімдерді іздестіріп нұсқау беру керек. Осы таңда басу формаларын жасау үшін негізінен алғанда екі технология пайдаланады. Біріншісі – дәстүрлі. Онда фотоформадағы бейне-кескін көшірмелеу рамасында формалық пластинаға көшірмеленеді де, экспозицияланған пластина қолмен немесе процессорда айқындалады. Екінші жаңа технология, «компьютер – басу формасы» деген атпен белгілі. Басылым парағындағы бейне-кескінді бірден формалық пластинаға жаздыруға мүмкіншілігі бар, яғни технологиялық тізбектен фотоформа алынып тасталады. Одан кейін пластинаны процессорда өңдеу жүргізіледі. Басу формаларын жасау тәсілдері мен сол процесті жүргізетін жабдықтар әрқашан жетілдіруде және өзгеріп тұрады, сонымен қатар формалық пластиналардың өздері де өзгеріп тұрады.

1.2 Жобаланған басылымның техникалық сипаттамасы


Кез-келген полиграфиялық өнімге берілген өнім түріне байланысты кез-басылымның техникалық сипаттамасы дайындалады. Жобаланған газет өніміне арналған техникалық сипаттама 1-кестеде көрсетілген.

1 Кесте – Басылымның техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің аталуы	Көрсекіштер				
	газет №1	газет №2	газет №3	газет №4	газет №5
Басылымның түрі	газет №1	газет №2	газет №3	газет №4	газет №5
Формат, мм	420×594	420×594	420×594	420×594	420×594
Көлем, физ. баспа табақ	8	8	12	16	12
Таралым, мың дана	50	50	50	50	50
Атау саны	15	20	6	10	14
Бояулығы	1+1	2+2	2+2	4+4	4+4
Мерзімділігі	52	52	52	24	24
Өндіріске келетін басылым түпнұсқаның түрі	Мәтін – doc; Бейне – jpeg немесе сурет түрінде	Мәтін – doc; Бейне – jpeg немесе сурет түрінде	Мәтін – doc; Бейне – jpeg немесе сурет түрінде	Мәтін – doc; Бейне – jpeg немесе сурет түрінде	Мәтін – doc; Бейне – jpeg немесе сурет түрінде
Басу әдісі	офсеттік	офсеттік	офсеттік	офсеттік	офсеттік
Баспа қағазының түрі мен массасы	65г/м ² газеттік	65 г/м ² газеттік	65г/м ² газеттік	65г/м ² газеттік	65г/м ² газеттік
Басылымның полоса саны	32	32	48	64	48
Бүгілім түрі	Перпендикуляр	Перпендикуляр	Перпендикуляр	Перпендикуляр	Перпендикуляр
Бүгілім саны	2	2	2	2	2
Жинақтау түрі	Бірінің ішіне бірін кигізіп	Бірінің ішіне бірін кигізіп	Бірінің ішіне бірін кигізіп	Бірінің ішіне бірін кигізіп	Бірінің ішіне бірін кигізіп
Қаріп гарнитурасы	Times New Roman	Times New Roman	Times New Roman	Times New Roman	Times New Roman
Қаріп кеглі	7-9 п	7-9 п	7-9 п	7-9 п	7-9 п
Беттеу түрі	4-8бағанды	4-8бағанды	4-8бағанды	4-8бағанды	4-8бағанды
Жылдық форма саны	6240	16640	7488	15360	16128

1.3 Басылымды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық процесінің жалпы сұлбасы

Басылымды полиграфиялық өндірісте даярлаудың технологиялық сұлбасы 1-суретте көрсетілген [2].



1 Сурет – Басылымды басуға дейінгі цехта даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.4 Технологиялық процесті талдау және орнықтыру

Мәтінді енгізу – терілімді дайындау процесінің бастапқы кезеңі. Мәтінді теру – компьютер, фототерім, қолмен теру және т.б. көмегімен түпнұсқа мәтіннен мәтіндік формалардың қалыптасуы.

Басуға дейінгі процестің алғашқы кезеңі теру, яғни мәтінді дайындау, оны форматтау болып табылады. Теру – фотоформаны дайындау үшін, түпнұсқаны (қолжазбаны) оқи отырып, компьютер арқылы (әріптер, тыныс белгілер, сандар, формулалар мен кестелер т.с.с.) теріп, жиыстыру.

Түзету. Мәтінді түзету - түзетілетін таңбада арнайы түзету таңбаларын пайдаланып қате табу және түзету операцияларының жиынтығы. Түзету операциясы түпнұсқа бойынша фотоформа немесе форма даярлау процесінен кейін міндетті түрде жүргізіледі. Беттелген жолақ табақтарына қол қойылғаннан кейін, барлық түзетулер қол қойылған таңба бойынша жүргізіледі.

Мәтіндік редакторлар – мәтінді теруге, түзетуге, редакциялауға және сақтауға көмектеседі. Олардың ішінде бізде жиі қолданылып жүргені Microsoft Word бағдарламасы. Сонымен бірге түрлі орфографиялық, басқа да қателерге көрсететін көмекші бағдарламалар да кең тарап отыр.

*Корректур*а – терілген баспа-таңбадағы, репродукцияланған түпнұсқа бейнелерінің сынама баспа-таңбаларындағы және басқа да мәтін-бейне материалдардың баспа-таңбаларындағы кеткен қателіктерді түзету үдерісі.

Сканерлеу – дегеніміз берілген бір траекториядағы мәтінді немесе суреттің әрбір элементін санға айналдырып жазу (көшіру). Басылымды басуға дайындау барысында, штрихты және растрлы мәтін – бейне суреттерін санға айналдырып компьютерге енгізу. Сканерлер - қол сканері, планшетті сканер, барабанды сканер, проекциялық сканерлер (слайд сканер) болып бөлінеді. Сканер-қандайда бір материалды фотосигнал арқылы фотоэлектронды айналдырғыш құрылғымен сандық түрге айналдыру құралы.

Бейнені өңдеу – ЭЕМ көмегімен алғашқы бейнені түрлендіру. Бейнелік материалдар (слайдтар, фотосуреттер, кестелер, сызбалар және т.с.с) баспадағы немесе полиграфиялық кәсіпорындағы түске бөлу бөлімшесінде өңделеді. Бейнені өңдеу графикалық және векторлық редакторлармен іске асырылады.

«Adobe Photoshop» - бейнелерді стандартпен беретін үздік редактор. «Photoshop» бағдарламасында – сканер, сандық фотокамера және бейнетаспадан алынған суреттер мен бейнелер өңделіп, түзетіледі. Оның көмегімен растрлық суреттердің көп түрін жасауға болады.

Түсті бөлу. Түсті бейнелердегі түстерді бөлу процесі 4 негізгі түске – көгілдір (Cyan), қызылқошқыл (Magenta), сары (Yellow), қара (Black) – CMYK сай жүргізіледі. Негізінде түске бөлу процесі көптеген тізбектерден тұратын процесс болып табылады, ең соңында дайын «пленкаларды» алу болып табылады.

New Color сканерлеу және түске бөлу бағдарламасы. New Color 7000 – бұл дүниедегі кең тараған сканерлеу және түскебөлу бағдарламасы. New Color бағдарламасының ерекшелігі ол білгір маманға және жаңа бастаушы маманға

бірдей дәрежеде түсінікті. Білгір маманға керекті заттар қолайлы интерфейске жинақталған.

Беттеу. Мәтіндер, кестелер, тақырыптар мен қосалқы мәтіндер компьютерде теріліп болғаннан кейін орындалатын жауапты жұмыстардың бірі – беттеу басталады. Беттеу кезінде басылымның барлық элементтері біртұтас жинақталып, бірдей көлемді беттер түрінде, белгілі бір тәртіппен орналастырылады. Беттеу Adobe InDesign бағдарламасында жүзеге асырылады.

Беттеу кезінде – түпнұсқа макеті немесе техникалық ержелер түрінде белгіленген баспаның түпнұсқалары басшылыққа алынады.

Газеттік беттеудің жалпы ережелері:

- бағандар әр бетте саны бойынша бірдей болу қажет, кейбір жағдайда бір бетте бір бағанға қысқартуға болады;
- бағанда орналасқан мәтін жолдары бір біріне қарама қарсы тұру керек;
- бағандағы жол саны бірдей болу керек;
- орталық 12 пунктен аз болмауы керек, олардың мәтіннен ара қашықтығы 6 пунктен кем болмауы қажет;
- колонтитулдың мәтіннен қашықтығы шамамен орталыққа тең болу керек;
- мәтін үлкен болған сайын оның тақырыбы үлкен болуы керек;
- бкестелер мен бейнелерді абзац арасында орналастырған жөн;
- газет қағазының сапасы жоғары болмайтындықтан бейнелер тым кіші болмауы қажет.

Беттерді орналастыру. Көркемдеу талаптарына байланысты суреттерді беттеудің бірнеше тәсілдері бар. Олар: мәтін-сурет аралас терілген беттің ішінде мәтіннің бір жағынан (ашық беттеу), екі жағынан, үш жағынан (жабық беттеу) және төрт бағаналы терім жағдайында төрт жағынан (бітеу беттеу) беттеу тәсілдерімен орналастыруға болады. Беттеу аяқталған соң сынама көшірме қаралып шығады да, корректуралық түзету-жөндеулерден өтеді.

Түс сынамасы. Түстік бейне үшін арналған жабдық және технологиялық процесс түс сынамасы болып табылады. Түс сынамасы: сандық, жұмсақ, қатты, контрастты, аналогты болады. Түс сынамасы көмегімен басу таңбасы туралы біршама жақын көрініс алуға болады.

Computer-to-Plate-технологиясы бойынша басу формаларын арнайы шығару құрылғыларының көмегімен дайындайды. Бұл технологиядағы формалық материалға жарыққа төзімсіз гидрофильді полиэфир пленкасы жатады. Басу элементтерінің рөлін электрофотографиялық тонерден тұратын мәтін-суреттер орындайды. Линиатурасы 60-70 лин/см, түрлі-түсті өнімдерге арналған басу формасының күміс гологенидінде, фотополимерлі және жылу сезгіш формалық материалдарында лазермен жазу арқылы дайындайды. Бұл технологияға Computer-to-Plate жүйелеріне жазып алатын лазерлі құрылғы және процессор кіреді. Формалық материалда лазермен жазылған мәтін-бейне-суреттері процессорда өңделеді. Формалық материалдың түріне қарай әртүрлі химиялық заттармен өңдеу, сумен жуу және жылумен өңдеу жүргізіледі. Computer-to-Plate технологиясы бірнеше кезеңдерден тұрады. Мысалы: ақ - кара түсті принтерлерде RIP-ке қосылады, Computer-to-Plate жүйесі де

косылады. Осылайша болашақ басу формасының сапасы жайында мәлімет алуға болады. Мұнда алдымен кітап беттерінің дұрыс орналасқанын тексеру үшін корректуралық оттискіні алады. Computer-to-Press технологиясы арқылы 1-500 дана таралым жасалынады. Ол технология көп беттілік, персоналдау мүмкіншілігі сипатты (яғни әрбір жаңа баспа-таңбада толық немесе ішінара ақпарат жаңарып отырады. Computer-to Plate технологиясы көмегімен алынатын таралым беттілігі аз өнім үшін 500 данадан көбірек.

CtP технологиясын өндіріске енгізу мынандай артықшылықтарды береді:

- басу формаларын жасаудың технологиялық цикл уақыты қысқарады;
- фотоматериалды өңдеу операциялары болмайды;
- фотоформаны формалық пластиналарға көшірмелеу операциялары болмайды;
- экспозицияланған формалық пластиналарды өңдеу операциялары болмайды.

Басылым формасын алудың бұл әдісінде лазерлік әдісті қолданады. басылым формалары форманы бірден алу жүйелерінде даярланады (Computer – to – Plate). Лазерлік әсер етудің түрлі қасиеттері қолданылады:

- жылулық әсер – күйдіру немесе болашақ форма бетіндегі элементтеріндегі жұқа пленканың термиялық ыдырауы;
- формдық материалдың жарық сезгіш қабатына фотохимиялық әсер;
- жартылай өткізгішті фото қабатына электрофотографиялық әсер.

CtP технологиясы – бұл компьютерден алынған сандық мәліметтің негізінде белгілі бір әдіспен форма алу әдісі. Бұл жерде аралық заттар (фотоформа, репродукциялы макет, монтаж) болмайды.

CtP формдық материалға бейнені тікелей жазу әдісі, ол тек бір компьютермен басқарылады. Бұл процесс бір немесе бірнеше лазер көмегімен іске асады, сандық мәліметтен даярланған алғашқы түпнұсқалық көшірме болғандықтан, өте дәл болады. Нәтижесінде нүкте дәлдігі, дәл келтіру, бейне еңінің дәл шығуы қамтылады.

Signastation электронды монтаж станциясы және жолақ түсірілімі. Электронды монтаж және жолақ түсірілімі басуға дейінгі өңдеу уақытын және мүмкін болатын қателіктер санын азайтады.

Signastation электронды монтаж станциясы және жолақ түсірілімі тек постскрипт форматындағы файлдармен ғана емес, қосымша Delta List, PDF, DCS форматындағы файлдармен де жұмыс істейді. Оның Delta Tehnology мен бірге жұмысы өте тиімді.

Бұл кезде Signastation электронды монтаж станциясында Delta List форматындағы құжатты құруда автоматты түрде өзгертін аз мүмкіндікті файлдар қолданылады. Яғни Delta Tehnology растрлеуші процесорында. Осылайша, компьютерлі желіге және жұмыс станциясына жүктеме төмендейді. Ең бастысыбарлық құжат тексеруден және Delta List өңдеуден өткендіктен, қателіктер болуы мүмкін емес.

1.5 Басуға дейінгі процесте қолданылатын негізгі жабдықтар

Басуға дейінгі басылымдарды дайындау жүйесінің құрылу негізіне дұрыс ұйымдастыру жатады, барлық технологиялық операциялар енгізу бейнелік ақпаратты өңдеу бір-бірімен байланыста бірдей өлшемдегі, параметрлі, әртүрлі басқару процесі пайдаланылады.

Мәтінді теру, беттеу және электорнды монтаждау үшін Intel Pentium 6 компьютерін таңдадым. Оның техникалық сипаттамасы 2-кестеде берілген.

2 Кесте – Intel Pentium 6 компьютерінің техникалық сипаттамасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Жедел жады	Windows XP Pro
Компьютер процессоры, ГГц	Intel Pentium 4 2.6
Дөңгелек айналымы, МГц	533
Кэш L2, К	512
Видео типі	Бірізді
Видео	Intel Extreme Graphics 2
Компьютер дыбысы, АС	97
Чипсет Intel, G	865
Жедел жады, Мб, DDR, Гб	256 333 SDRAM; 4 – дейін
Оптикалық реттеу	CD-ROM 48x IDE
HDD, айн/мин,	5400; UDMA/100
FDD	Бар
Өлшемі (Е × б × Ұ), см	45,6 × 13,8 × 38,7
Орама өлшемі , см	61 × 54 × 41
Брутто салмағы , кг	15,05

iMac компьютері. Apple Power Macintosh платформасын таңдау осы фирманың бірінші болып, операция жүйесінің құрамын ColorOpen бағдарламасын енгізу болып табылады. Бейнелік түстерді компьютерлерде басқару және әртүрлі қолданбалы бағдарлама көмегімен өңдеу немесе басып шығара алады (басқаша айтқанда – түстік синхрондауды қамтамасыз ету). ColorOpen бағдарламасын қолдану түпнұсқамен салыстырғанда толық түсті бейнелерді монитор экранында және баспа-таңбада көре аламыз. Сондықтан компьютер, сканер үшін жұмысшы станцияларды қолданып, қажетті қуат пен өнімділікті қамтамасыз ету үшін ақпараттар көлемін өңдеу қажет.

Apple iMac компьютерінің құрылымы моноблоктан тұрады: кішірейтіп жиналған монитор және барлық қажетті жүйелердің компоненті, DVD оптикалық – привод т.б. Apple iMac компьютерінде жаңаша, жоғарғы өнімділікті Intel Core 2 Duo процессоры бар. Mac OS X Leopard операциялық жүйе, iLife 08- бағдарламалы пакет бар. iMac компьютері жоғары өнімділікті жаңашыл модельдерде графикалық қуатты жүйе NVIDIA GeForce 8800 GS 512 МБ есте сақтау жүйесі бар құрылымымен қамтамасыздандырылған.

Бейнені өңдеу үшін iMac компьютерін таңдап алдым. Оның техникалық сипаттамасы 3-кестеде берілген.

3 Кесте – Apple iMac MB323 компьютерінің техникалық сипаттамалары

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Intel Core процессоры, , ГГц	2 Duo,2,4
Дисплей диагоналының ені, дюйм	20
Жедел жады МГц, Гб	1 DDR2 SDRAM 667 (4 дейін таралады)
Бейнекарта, Мб	ATI Radeon HD 2400 XT жады көлемі 128
Қатты диск, Гб, Тб	250 Serial ATA (1 дейін таралады)
Оптикалық тетік	Super Drive 8x(DVD±R L/DVD±RW/CD-RW)

Colortrac SmartLF Gx42e/GxT42e сканері. Параметрлері: ірі өлшемді сканер, ірі түсті гаммалы және 3 секундта түсті бейнелерді жақсы жылдамдықта сканерлеу.

Ақпаратты сканерден өткізу үшін Colortrac SmartLF Gx42e/GxT42e сканерін таңдадым. Оның техникалық сипаттамасы 4 – кестеде берілген.

4 Кесте – Colortrac SmartLF Gx42e/GxT42e сканерінің техникалық сипаттамасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Бейненің максимальды ені, см	42” (106.7); бейне ұзындығы сканермен шектелмейді;
Максимальды ені, тасушының қалыңдығы, см, мм	48” (121.9), қалыңдығы 0.02” (0,5) Gx үшін және 0.8” (20) G×T үшін
Сканерлеу нақтылығы, пиксель	+/- 0.1% +/-1
Оптикалық тығыздық (dpi) (кіру 1200×600/ шығу 600×600)	1200
Сканерлеу режимі, бит,	RGB (24) 16,7 миллион түс 256×16 RGB түсі адаптивті индекссті түстік палитра (8×4) 256 нұсқалы сұр реңк (8) қара – ақ (1)
EDC ақпараттық қамтамасыздануы (опция)	ISIS драйвері - EDM жүйесінің шусыз байланысы және мәлімет базасы
Түстік жүйесі	RGB-дің өңделмеген нормалдық /линеариздік мәліметі
Түстік бейнелердің өңделуі	Контрастылығы, ашықтығы, қара-ақ реттеулер
Жарықтың шығуы, см	1.6 диаметрлі 2 жоғарғы эффектiлі люминесцентті лампалар
Оптика	Инфрақызыл фильтрлі 5 микролинзалар
Сканерлер режимдері және бір басумен басқарылуы	ЖК панель, тоқта, алға және айналдыру тетіктер : Сканерлеу/Көшіру (Scan/Copy); Ашу/Жабу (Open/Close)
Өлшемдері, Е×Б×Ұ см	144 × 17 × 37
Салмағы,кг	49
Электрожүйе талаптары, Кернеуі- В, Жілігі- Гц, қуаты- В-А	90~250, 47~63, 240

HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) лазерлік принтер

Процессор: 384 МГц

Жедел жады: 32 МБ

Принтерді басқарудың стандартты тілдері: HP PCL 3 GUI, HP PCL 3 Enhanced.

Максимальды тығыздығы:

- кара-ақ: 1200 × 1200 нүкте/дюйм;

- түсті: 4800 × 1200 нүкте/дюйм.

Басу жылдамдығы (кара-ақ /түсті): 35 парақ/мин // 34 парақ/мин.

Басылатын ақпараттардың форматы:

HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) принтері таңдалды. Оның техникалық сипаттамасы 5–кестеде берілген.

5 Кесте – HP OfficeJet 8000DWN (CB047A) принтерінің техникалық сипаттамасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Принтер типі	Бүрікпелі
Басудың типі	Түсті басылымдар
Бояулар саны	4
Түстік басылымдарға тығыздығы, dpi	4800 × 1200
Қағаз берілуі, парақ (стандартты), парақ (максимальды)	250 – 500
Интерфейстер, b/g	USB 2.0, Ethernet, Wireless 802.11
ОС колдауы	Windows, Mac OS

SummaCut D120R (плоттер). SummaCut сериясы – қол жетімді бағамен алынатын, жан-жақты мүмкіндіктері бар қазіргі кезде қолданылатын плоттер түрі. Сипаттамалары – жоғарғы өнімділігі, нақтылығы, сенімді, жоғарғы сапалы өнімдерді шығаруы – нарықта көшбасшы болуға итермелейді. Кесу жолының максимальды ені 50 метрге дейін. Плоттер басқа да мүмкіндіктерге ие, яғни құрамында OPTiCUT функциясы, TurboCut функциясы (өнімділігін 40 % -ға дейін жоғарлатуға), USB интерфейсі және сонымен қатар қалың (0,8 мм-ге дейін) және өте жұқа (0,05 мм) материалдарды еш кедергісіз кесу мүмкіндігіне ие. SummaCut D120R плоттерін таңдадым. Оның техникалық сипаттамасы 6–кестеде берілген.

6 Кесте – SummaCut D120R плоттерінің техникалық сипаттамасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Көлденеңнен кесу жылдамдығы, мм/сек	1 131
Үдеткіші, g	3
Пышақ	Флюгерлі

6-кестенің жалғасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Пышақ қысымы, грамм	0-ден 400 ға дейін
Нақтылық, мм	±0,1
Материал қалыңдығы (стандартты пышақ), мм	0,05-0,25
Материал қалыңдығы (Sandblast пышағы), мм	0,8
Кесілу ені, мм	1200
Кесілу ұзындығы, м	50
Пленканың максимальды ені, мм	1280
Есте сақтау, Mb	2
Интерфейс	USB 1.1, Serial RS-232C
Басқару тілі	Summa DM/PL, HP-GL or HP-GL2 (with selectable origin; HP7475 and HP 7 580/7 585)
Электрөткізу қабілеті, В, Hz	100-130 /220-240 , 48-62
Габариттік өлшемдері (БхЕхҰ), мм	1 050×1 590×682
Салмағы, кг	62

Trendsetter News жиынтығындағы жабдықтар арнайы газетті өндірісінде офсетті пластиналарға жарық әсерін тигізумен қатар оларды айқындап шығаруға арналған. Модельдері газетті форматт пластиналарын шығару өнімділігіне байланысты бөлінеді. Сонымен қатар өнімділігі қабылдау мүмкіндігіне байланысты болады мысалға, 1200 до 1200/2400 dpi. Осы сериядағы СТР жабдықтары газеттен басқа, журнал және әр түрлі коммерциялық өнімдерді шығаруға мүмкіндігі бар.

Trendsetter News – та Kodak лазердің іркілуіне тұрақты термиялық бастиегі қолданады және температуралық компенсацияға және шамадан тыс қатты SquareSpot нүктесі бар динамикалық автофокусировкаға бейім болады. Термальді пластинамен жұмыс жасағанда күндізгі жарыққа еш әсер етпейді.

TS News 70 басу формасын жасап шығаратын жабдықтың техникалық сипаттамасы келесі 7 кестеде көрсетілген.

7 Кесте – TS News 70 жабдығының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттама атаулары	Техникалық көрсеткіштері
Сәуле көзі, нм	Диод сызғышы, 830 және опто-электронды бекітпе, 240 сәулелі
Лазерлі дақ	SquareSpot
Динамикалық автфокус	Бар
Жұмыс өнімділігі, пл./сағат	15
Қабылдау мүмкіндігі/линиатура, dpi/lpi	1200/200
Commercial (опция)	2400/450
Стохастика	опция
Пластинаның макс. форматы, мм	700×960

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Пластинаның мин. форматы, мм	457×290
Пластинаның қалыңдығы, мм	0,2-0,3
Материалды жүктеу	Автоматты
Жұмыс жасау температурасының диапазоны, °С	17-30
Электрқуаты, В/кВт	220/20/0,79
Ауаның сығымдалуы	Бар
Габаритті өлшемдер (ҰхЕхБ), мм	1092×2820×575
Құрылғы массасы, кг	680

1.6 Бақылау-өлшеу құралдарын таңдау және орнықтыру

Бақылау операциялары объективті құрал өлшеуішті базасында өтілуі керек. Денситометрлік әдіс құралдарды бақылаудың арасындағы ең көп тараған әдіс болып саналады. Түпнұсқадан баспа-таңбаға дейін репродукцияның әрбір бөлімінде қолданылады.

Құрал-жабдықтарды қолданудың сапасын бақылау:

- біріншіден, түсті қабылдау таза субъективті, ал денситометрлік өлшеуде түс объективті бағаны алады;

- екіншіден, денситометр арқылы бақылаудан өткен формалар, болашақта басу кезінде сапасын жоғалтпай өтуі мүмкін.

X-Rite iCPlate2 X офсетті формаларды өлшеуге арналған қондырғы. Сапалы дайындалған басу формалары сапалы басылымның қажеттілігі болып табылады. Уақытты үнемдеуге, бояудың, қағаздың және формалық материалдың шығынының аз болуына септігін тигізеді. Барлық өлшеулер жоғары қабілетті сандық камералар арқылы іске асырылады.

iCPlate2 және iCPlate2 XT жүйелері Plate Quality бағдарламасымен бірге офсетті өндірістегі ең қиын тапсырмалардың бірі (CtP) жүйесіндегі басу формаларының тез және нақты сапасының бақылауын шешеді. Бұл әдіс CtP процесіндегі жағдайларды бақылап, нормадан ауытқуларды және ауытқулардың алдын алуына жағдай жасайды.

Форманы өлшеу үшін X-Rite iCPlate2 X қондырғысы таңдалды. Оның техникалық сипаттамасы 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – Офсетті формаларды өлшеуге арналған қондырғының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттама атаулары	Техникалық көрсеткіштері
Қайнар көзі ,(опциональды ОВ)	R
Өлшенетін үлгі өлшемі, мм	1,3×1
Өлшеу, CMOS-матрица, пиксельдер	648×488
Дисплей, пиксельдер	160×80
Өлшенетін линиятура диапазоны, lpi, лин/см	65-380 (26-147)

8 – кестенің жалғасы

Негізгі сипаттамалары	Көрсеткіштері
Өлшенетін растрлы элементтердің диапазоны, мкм (опциональды)	10-50
Қайталануы ,	± 0,5
Өлшеу уақыты %, сек	3,4
Интерфейс	Бірізді
Электр өткізгіштігі, батарея, В (формат АА)	2 - 1,5
Батарея топтамасы үшін өлшеулер саны	30 000
Габариттері,Е×Б×Ұ, см	4,3 × 7,3 × 14,5
Масса, г	400

Techkon R410/R410e (СМҮК-ты өлшеу денситометрі). Бұл денситометрлер СМҮК өлшемі бойынша барлық қажетті сапалы толық түсті қамтамасыз етеді: тығыздықты, тығыздықтың әртүрлілігін, растрлы нүктелердің пайызын, басу қанықтылығын. Басу формасы сияқты баспа-таңбаларды да өлшеуі мүмкін

Techkon R410 құралының техникалық сипаттамасы 9 - кестеде көрсетілген.

9 Кесте – Techkon R410 құралының техникалық сипаттамасы

Техникалық сипаттама атаулары	Техникалық көрсеткіштері
Техникалық көрсеткіштер, Techkon	R410
Типі	Қолды
Қызметі	Басу формасы мен баспа-таңбаны өлшеу
Өлшеу диапазоны D, %	0.00-2.50; 0 -100
Аппертура , мм	3,2
Өлшеу нақтылығы, %	0,1 D; 1
Өлшемдері (Е×Б×Ұ, мм)	56×64×186
Салмағы (кг)	480

Сандық тасымалдағыш шкалалар барлық қиын жүйелер сияқты, бақылау құрылғылары үшін бір күн ішінде басу сапасын бақылап және өндірістің міндеттерін сәйкестендіруін қамтамасыз етуін қажет етеді. Компьютерлердегі жүйелер қиындығы, жүйеге енгізілген RIP қосылған әр түрлі сандық мәндердің бірігуі және басу құралының параметрі шкалаларға үлкен көлемді компьютерлермен түсіндіріледі. Ұзақ сынақтан және тәжірибелік зерттеуден кейін бақылау шкаласының пластинасы өндіріледі. Бұл шкала Ugra/FOGRA PostScript бақылау шкаласының жақсартылған нұсқасы. Бұл стандартты PostScript құралы басу формасы үшін, бақылау экспозициясы және сандық ағынының маңызды құралы болып жалғасуда.

The Ugra/FOGRA Digital Plate Control Wedge өзіне 6 функционалды топ немесе бақылау шкаласын қосады:

- ақпаратты шкала;

- рұқсат етілген шкала;
- геометриялық диагностикалық панель;
- тор шкала;
- бейне позициясының түзетілуі;
- прогресс клині.

Басу мүмкіншілігінің таңдалған құрылымына бағытталған геометриялық диагностикалық шкалаларда да сызықтар бар болады. Тор шкалалар геометриялық диагностикалық шкалалардың астында орналасады. Этикеткалар әрбір шкалалардың астына және төртбұрышты жаққа ұзындығы бойымен бір, екі және төрт нұсқалы болып қыстырылады.

CtP – пластинаның сапасын бақылайтын құралдар. Қазіргі уақытта CtP – пластинаның сапасын бақылайтын құралдар түрлері өте көп. Солардың бірнешесін қарастырайық.

Спектроденситометр Techkon SpectroPlate – дайын формадағы растрлық элементтердің ауданын анық өлшеуге көмектесетін құрал. Форма аумағындағы графикалық бейнелердің үлкейтілген түрлерін зерттей отырып, растрлық элементтердің ауданын табуға көмектесетін құрал.

Негізінен бұл видеокамералармен енгізілген электрондық микроскоп. Функция келесі сұлба бойынша жүзеге асады. Видеокамера өзінің жұмыс кезінде құралдың немесе компьютердің экранында пластинаның бір көрінісінің үлкейтілген бейнесін көрсетеді. Форманың керекті аумағы табылғанда, қолданушы рұқсатын берген кезде (кнопканы басады), құралдың есте сақтау жерінде бейне бекітіледі. Одан басқа, осындай құрылғылар басқа да формалардың параметрлерін өлшеуге мүмкіндігі бар. Олар: линиатуралар, растрдың түбін және бөлек растрлық нүктелердің геометриялық өлшемдері.

Өлшемес бұрын қолданушы материал типін немесе пластина маркасын, өздері ұсынған мәзір тізімінен белгілеп алуы керек. Бір жерді өлшеу уақыты 1с-тан кем емес, осыдан кейін құрылғы калибровка қажет етпестен жұмысқа дайын тұрады, өйткені калибровка фабрикада өтілген болатын. Калибровка егер керек болса қайталаған жөн. Ол үшін жеке сатылатын немесе қосымша Techkon аксессуары ретінде танылатын стандартты калибрлік пластина-мишень FMB (Fogra Measuring Bar for CtP offset Plates) қажет болады. Құрылғы әр түрлі типтегі растрлардың басу элементтерінің ауданын табуға көмектеседі (75-380 lpi амплитудалық модуляциямен, 10-70 мкм нүкте аралығындағы тұрақты модуляциямен және гибриді растрмен).

PlateViewer – форманың пластина сапасын бақылайтын құрал. Осы құралдың жетілуі кезінде бірнеше түпнұсқалы шешімдер қолданылды. Ең бірінші PlateViewer базасында жұмыс істейтін видеомикроскоп көзге түседі. Microscope M2 құралы (DigiScope, TheScore немесе ProScore сияқты әйгілі) Scalar Corporation япондық компанияның өнімі. M2 – «жалпы тапсырма» сандық микроскопы. Бағаны азайту және потенциалды қолданушылардың санын көбейту үшін, құралда қымбат емес веб-камераларға арналған Divio Inc. Компаниясы өндіретін видеочип қолданылады. Микроскоп қазіргі таңдағы 640-480 пиксельді (RGB,24 бит) бейнелерді алуға көмектеседі.

1.7 Басуға дейінгі цехта қолданылатын материалдар

Формалық пластиналар CtP технологиясында өте маңызды компоненті болып келеді. Олардың мінездемелері техникалық құрылғылардың құрамын анықтайды, шығарылым жүйесін, сапа және баспа өнімінің өзіндік құнын анықтайды.

CtP-ға арналған формды пластиналар үшін лазердің сәулеленуі айқындалуына жоғары сезімталды болу керек, олар жазуға және керекті таралымға тұрақтылығына ие болу керек.

Олардың негізгі мінездемелеріне мыналар жатады:

- барынша жоғары спектрлі сезгіштік диапазонында тіркеуші қабаты;
- айқындау кезіндегі энергия мөлшерінің талапқа сай келуі;
- рұқсаттама;
- таралымға төзімді.

Формды пластиналардың тіркелген қабаты жоғары спектрлі сезгіштік диапазоны айқындау құрылғыларында лазердің сәулелену толқын ұзындығымен келісілген болу керек.

CtP пластиналарының құрылымы. Қазіргі заманғы формды пластиналар негізінен басу элементтерін тіркейтін қабаттан, сонымен қатар бір немесе бірнеше қосымша қабаттардан тұрады. Көбінесе формды пластиналардың механикалық негізі алюминді қалыңдықты парақты және бірнеше ондық бөлшек миллиметрді құрайды. Ережеге сай алюминді негіздің беті түйіршіктелумен анодталуына әкеліп соқтырады, форманың төтеп беруін жақсартады, негізбен басу элементтерін қосудың және олардың адсорбциялық қабілеттілігінің беріктігін жоғарылатады. Офсетті басу мен ылғалдағышқа арналған, формадағы ашық жол элементтері ылғалдағыш ерітіндіні қабылдайды, бұл жағдайда әдетте, алюминді негіздің беті пайда болады. Тіркеуші қабат формадағы басу элементтерін жинақтау үшін қызмет етеді. Тіркеуші қабат процессінде болатын жарық әсерін тигізу және айқындау пластина типінің әртүрлілігіне байланысты. Қосымша қабатта пластина бетінде бейне пайда болатын процессі қатыса алады, олар механикалық бұзылудан немесе химиялық заттардың әсерінен, сонымен қатар ашық жол элементтерін қалыптастыруына әкеліп соқтырады.

CtP-ға арналған пластиналардың классификациясы. Жаңа заманда CtP-ға арналған пластиналар келесі қасиеттері бойынша классификацияланады:

- тіркеуші қабаттағы спектр сезгіштік диапазонында;
- тіркеуші қабаттың қасиеттеріне;
- жарық әсерін тигізуден кейін қосымша өңдеу мүмкіндігі;
- басу процессінде ылғалдаудың басу мүмкіндігі.

Жаңа замандағы формды пластиналардың тіркеуші қабаттары келесі спектрлерде жоғары спектрлі сезгіштігін иемденеді:

- күлгін (күлгін жартылай өткізгішті лазер көмегімен жарық әсері тигізіледі);
- көк (аргонды лазермен жарық әсерін тигізу);
- жасыл (қатты денелі Fd:YAG лазерімен жарық әсерін тигізу);

- қызыл (гелийнеонмен немесе қызыл жартылай өткізгіш лазерімен жарық әсерін тигізу);

- инфрақызыл (инфрақызыл жартылай өткізгіш немесе қатты денелі Nd:YAG лазерімен жарық әсерін тигізу).

Алғашқы төртеуі жарықсезгішке арналған.

Пластиналардағы тіркеуші қабаттың құрамына байланысты позитивті және негативті болып екіге бөлінеді. Позитивті – тіркеуші қабаттары экспонирлеу процессінде басу элементтерін қалыптастыру қабілеттілігін жоғалтады, ал негативті – керісінше, мұндай қабілетті туғызады. Сондықтан позитивті пластиналармен экспонирлеу кезінде пластиналардың жартысы өзгереді, болашақ ашық жол элементтері, негативтімен жұмыс істеу барысында – пластиналардың учаскелері экспонирленеді, бұл болашақ басу элемент формалары.

Жарық әсерін тигізу пластиналары кей жағдайда қосымша өндеуге тура келеді. Олар қажетті және қажетсіз болады. Пластиналардың көп маркаларын экспонирлеуден кейін айқындау қажет. Ылғалдаумен басуға арналған пластиналарды айқындау процессінде формадағы ашық жол элементтерін механикалық, химиялық немесе физикохимиялық жамылғы қабатын өшіру.

Қазіргі таңда жарық сезгіш формалық материалдардың көрінетін бөлігі айқындалады және жарық сезгіш қабаттың құрамына байланысты олар: күміс қабылдайтын, фотополимерлі гибридті болып бөлінеді.

Күміс қабылдайтын пластинада белгілі бір көрінетін бөлігінде спектр қабатында күміс галогениді бар.

Жаңа замандағы күміс қабылдайтын пластиналардың таралымға төзімділігі 350000 оттискіге дейін жетеді, ал бейнелердің жоғарғы линиятурасы 250 lpi–ді құрайды.

Computer-to-Plate технологиясы бірнеше кезеңдерден тұрады. Мысалы: ақ-қара түсті принтерлерде RIP- ке қосылады, Computer- to-Plate жүйесі де қосылады. Осылайша болашақ басу формасының сапасы жайында мәлімет алуға болады. Мұнда алдымен кітап беттерінің дұрыс орналасқанын тексеру үшін корректуралық таңбаны алады. Фотополимерлі пластиналар негізінен газетті баспаханаларда қолданылады. Фотополимерлі пластиналар термалдық немесе гологенді күмістіге қарағанда бейнені кіші мүмкіндікте шығарады, сондықтан жоғары сапалы баспа үшін тиімсіз шешім. Егер баспахана тез жұмыс істейтін төмен бағалы құрылғымен жабдықталған болса 350 мың таңбадан аспайтын таралымға күлгін лазер ең тиімдісі. Фотополимерлі пластиналармен салыс-тырғандағы сапасы жоғары күміс құрамды пластинаны қолданатын тер-мальді технология түседі.

Huaguang TP-H термальдік ctp пластиналары – Kodak Polychrome Corporation компаниясының технологиясы бойынша шығарылған жоғарғы сапалы офсеттік пластиналар. Бұл пластиналар ұзақ уақыт бойы қазіргі заманғы полиграфияның барлық талаптарына сәйкес болып келеді. Газеттік пластинаның техникалық сипаттамасы 11 кестеде көрсетілген.

11 Кесте – Huaguang TP-H газеттік пластинасының техникалық си-паттамасы

Техникалық сипаттама атаулары	Техникалық көрсеткіштері
Көрсеткіштер	TP-H
Форманың форматы, мм	844×608
Сезімталдығы, мДж/см ²	120-140
Қолдану аумағы	Коммерциялық басылым, газет-журналдық басылым, мұқабалық басылым
Форманың қалыңдығы, мм	0,15 – 0,40;
Максималды форманың қалыңдығы, мм	1310
Спектрлік диапазон, нм	800-850
Қабылдау мүмкіндігі, %	1-99 , 200
Таралымға төзімділігі, (күйдірілмеген), (күйдірілген)	150 000, ≥500000
Жарықталынуға талаптар	Күндізгі жарық жағдайында өңдеу
Кепілдік сақтау мерзімділігі, ай	Сақтау шарттарын ұстанғанда 12
Сақтау шарттары, температурада °С, ауаның ылғалдылығында алғашқы орамасында сақтау; %	60-80 (15-26), 40-70
Экспонирлеуші құрылғының түр-газеттердің лері	KodakTrendsetter, KodakLotem и KodakMagnus, ScreenPT-RPlatesetters, HeidelbergTop-setter и Suprasetter, LuscherXpose, AgfaXcalibur 45
Айқындау режимдері (айқындауышқа берілген көрсеткіштер Termal One Plus, IMAF) Айқындауыштың температурасы °С, уақыт көрсеткіші сек	22 +1; 25-35.
Айқындауыш процессорлардың түрлері	G&J Interplater; Kodak T-HD Plate Processors; Mercury Mk V CTPSettings; PROTECK Plate Processors; Dongshang; Wangchang
Айқындауыш маркалары	Huaguang TPD- II ; IMAF Termal One Plus; CTP-6A/CTP-6AR; IPAGSA IP-46; Kodak Goldstar Plus/Primieum
Күйдіру көрсеткіштері, Ұсынылатын уақыт: мин, °С температурада	10-15. 230-240

Тонер – ерекше қасиетке ие қара, қызғылт, көгілдір, сары ұнтақ электрографиялық принцип көмегімен алдын-ала арнайы әдіспен зарядталған барабанға ауыстырылып және ол барабанда көрінетін кескін құрады да, ол кейін қағаз бетіне көшіріледі.

Айқындауыш – жарық әсері тигізілген фотоматериалдарда жасырын фотографиялық бейнені айқындауға арналған ерітінді немесе гель.

Айқындауыш – (электрофотографияда) құрамына жасырын электростатикалақ бейнені визуализациялау үшін тонер мен тасығыш арасындағы электростатикалық байланыс кіретін дисперсті орта.

Принтерге арналған қағаз – жоғары сапалы басу материалын алу үшін, өндірушілер әртүрлі типтегі қағаздарды қандай құрылғыда қолданатындығымен байланысты шығарады. Кез-келген принтерге арналған қағаз келесі көрсеткіштерге ие: тығыздығы, өлшемі және ақтығы. Қағаздың тығыздығы г/м²-пен өлшенеді. Өлшемі үлкейген сайын, оның тығыздығы да артады. Мысалы, дәптердің тығыздығы 65 г/м², ал жақсы картондықы 280г/м². Қағаздың ақтығы пайызбен көрсетіледі, стандарты 85-90%. Ең кең таралған өлшем уйде де және кеңседе де қолданады, әр түрлі принтерлерде қолданатыны – А4. Ал универсалды қағаз – ол офсеттік форматтағы қағаз.

Плоттерге арналған қағаз – Lomond күліңгірт қағазы кең қолданысқа арналған: техникалық құжаттамалық басудан постер, плакат, афиша және әртүрлі өнімдерді дайындауға дейін қолданылады. Барлық бұл қағаздың сұрыптарынан жоғары дәлдікті бейнені ортасынан ғана емес, сонымен қатар шет жағына да орналастырылады.

1.8 Технологиялық есептеулер

Теру өндірісінің жүктемесі 12-20 кестелерде көрсетілген.

Техникалық сипаттама атаулары	Техникалық көрсеткіштері					
	Газет № 1	Газет № 2	Газет № 3	Газет № 4	Газет № 5	Барлығы
Көрсеткіштер атауы	Газет № 1	Газет № 2	Газет № 3	Газет № 4	Газет № 5	Барлығы
Бояулығы	1+1	2+2	2+2	4+4	4+4	
Атау саны	15	20	6	10	14	
Басылымның форматы, см	A2	A2	A2	A2	A2	
Мерзімділігі	52	52	52	24	24	
Физикалық баспа табақ көлемі	8	8	12	16	12	
Негізгі мәтін ауданы, %	70	75	60	60	50	
Растрлы бейне материалының ауданы, %	30	25	40	40	50	
Барлық физикалық теру табағының көлемі	6240	8320	3744	3840	4032	
Басылым формасының саны	6240	16640	7488	15360	16128	61856
Мәтінмен терілген табағының көлемі	4368	6240	2246	2304	2016	
